



4	Педагогикалық әдеп жөніндегі кеңестің №3 отырысы. Күн тәртібінде: 1. Педагогтардың құқықтары мен міндеттері. 2. Көпшілік ортадағы педагогтің әдеп мәдениеті. 3. Балабақшада педагогикалық әдепті қамтамасыз ету және сақтау.	Наурыз 2026 жыл	Хаттама
	Педагогикалық әдеп жөніндегі кеңестің №4 отырысы. Күн тәртібінде: 1. 2025–2026 оқу жылы бойынша педагогикалық әдеп жөніндегі кеңестің жұмысын қорытындылау. 2. Педагогтердің кәсіби әдебі мен қызметтік мәдениетін сақтау деңгейі. 3. 2026–2027 оқу жылына арналған ұсыныстар мен міндеттер.	Мамыр 2026 жыл	Хаттама

ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ӘДЕП ЖӨНІНДЕГІ КЕҢЕСТІҢ №1 ОТЫРЫСЫНЫҢ ХАТТАМАСЫ

15 қыркүйек 2025 жыл

Қатысқандар: 10 педагог

КҮН ТӘРТІБІНДЕ:

1. Педагогикалық әдеп жөніндегі кеңестің жұмыс жоспарын бекіту.
2. Педагог қызметкерлердің кәсіби әдебі және сыртқы келбеті.
3. Балабақшадағы педагогикалық әдеп нормаларын сақтау.

ТЫҢДАЛДЫ:

Бірінші мәселе бойынша кеңес төрайымы У.Акжигитова сөз сөйледі.

У.Акжигитова педагогикалық әдеп жөніндегі кеңестің негізгі мақсаты мен міндеттеріне тоқталды. Ол кеңестің педагогтердің кәсіби қызметіндегі әдеп нормаларын сақтауды бақылау, ұжымда жағымды психологиялық ахуал қалыптастыру және қызметтік қарым-қатынастардың мәдениетін жетілдіру бағытында жұмыс жүргізетінін атап өтті. Сонымен қатар, 2025–2026 оқу жылына арналған жұмыс жоспары таныстырылып, әр тоқсанда өткізілетін іс-шаралар мен отырыстардың мазмұны түсіндірілді.

Төрайым педагогтің кәсіби мәдениеті балабақша ұжымының беделін арттыратынын, әр қызметкердің мінез-құлқы, сөйлеу әдебі және балалармен қарым-қатынасы ұйымның жалпы имиджіне әсер ететінін айтты. Жоспардағы іс-шаралардың барлығы педагогтердің кәсіби дамуына ықпал ететінін жеткізді.

Екінші мәселе бойынша әдіскер А.Ақпанбетова сөз сөйледі.

Баяндамашы педагогтің сыртқы келбеті оның кәсіби мәдениетінің маңызды көрсеткіші екенін атап өтті. Тәрбиеші әрдайым жинақы, ұқыпты, балаларға үлгі болатындай келбетте болуы қажет екендігі айтылды. Балалардың тәрбиешінің сыртқы бейнесіне, сөйлеу мәнеріне және мінез-құлқына еліктейтіні түсіндірілді.

Сондай-ақ жұмыс барысында киім үлгісінің іскерлік стильге сай болуы, шаш үлгісі мен жалпы келбетінің эстетикалық талаптарға сәйкес келуі қажеттігі айтылды. Балабақша педагогтері өздерінің жүріс-тұрысымен, қарым-қатынас мәдениетімен және сөйлеу әдебімен тәрбиеленушілерге өнеге болуы тиіс екендігі ерекше атап өтілді.

Үшінші мәселе бойынша тәрбиеші Г.Төребаева сөз сөйледі.

Сонымен қатар ата-аналар чаттарында жазысу мәдениетін сақтау, қызметтік мәселелерді дұрыс талқылау, даулы жағдайларда сабырлылық таныту және педагогтің беделіне нұқсан келтіретін әрекеттерден аулақ болу қажеттігі айтылды. Педагогикалық әдеп ұйымдағы өзара сыйластықтың негізі екендігі атап өтілді.

1. Педагогикалық әдеп жөніндегі кеңестің 2025–2026 оқу жылына арналған жұмыс жоспары бекітілсін.
2. Педагогтердің кәсіби сыртқы келбеті мен қызметтік мәдениеті тұрақты бақылауда ұсталсын.
3. Педагогикалық әдеп нормаларын сақтау бойынша түсіндіру жұмыстары жүргізілсін.

У.АКЖИГИТОВА

А.Ақпанбетова



ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ӘДЕП ЖӨНІНДЕГІ КЕҢЕСТІҢ №2 ОТЫРЫСЫНЫҢ ХАТТАМАСЫ

15 желтоқсан 2025 жыл

Қатысқандар: 10 педагог

КҮН ТӘРТІБІНДЕ:

1. Әлеуметтік желілерді пайдалану мәдениеті және жеке ақпараттарды жариялау кезіндегі жауапкершілік.
2. Педагогикалық такт және ата-аналармен қарым-қатынас мәдениеті.
3. Педагогтің сөйлеу мәдениеті және кәсіби имиджі.

ТЫҢДАЛДЫ:

Бірінші мәселе бойынша кеңес мүшесі Г.Төребаева сөз сөйледі.

Баяндамашы қазіргі таңда әлеуметтік желілер педагогтердің өмірінің ажырамас бөлігіне айналғанын атап өтті. Сондықтан педагогтер өздерінің әлеуметтік желідегі парақшаларында жариялайтын ақпараттарына жауапкершілікпен қарауы қажеттігін айтты. Педагогтің жеке өмірі мен кәсіби беделі өзара тығыз байланысты болғандықтан, жарияланатын фото және бейнематериалдардың жалпыадамзаттық және педагогикалық әдеп нормаларына сәйкес болуы маңызды екендігі түсіндірілді.

Сондай-ақ балалардың, ата-аналардың және әріптестердің жеке деректерін жариялауға жол бермеу, рұқсатсыз фото және бейне материалдарды таратпау қажеттігі туралы айтылды.

Екінші мәселе бойынша А.Ақпанбетова сөз сөйледі.

Баяндамашы педагогикалық такт ұғымына тоқталып, әрбір тәрбиеші ата-аналармен және тәрбиеленушілермен қарым-қатынас кезінде сабырлы, ұстамды және сыпайы болуы қажеттігін айтты. Кейбір мәселелерді талқылауда эмоцияға берілмей, кәсіби көзқарас таныту маңызды екендігі түсіндірілді.

Ата-аналармен кездесулер кезінде педагогтің сөйлеу мәнері, пікір алмасу мәдениеті және мәселені шешудегі ұстанымы балабақша беделіне тікелей әсер ететіні атап өтілді.

Үшінші мәселе бойынша кеңес төрайымы У.Акжигитова сөз сөйледі.

Төрайым педагогтің сөйлеу мәдениеті кәсіби құзыреттіліктің негізгі көрсеткіштерінің бірі екенін айтты. Балаларға түсінікті әрі сауатты сөйлеу,

әдеби тіл нормаларын сақтау, дауыс ырғағын дұрыс қолдану тәрбие жұмысының сапасына оң әсер ететіндігі айтылды.

Сонымен қатар әріптестермен және ата-аналармен қарым-қатынаста дөрекі сөздерді қолданбау, мәдениетті сөйлеу және ресми этикетті сақтау қажеттігі түсіндірілді.

ШЕШІМІ:

1. Әлеуметтік желілерді пайдалану барысында педагогикалық әдеп талаптары сақталсын.
2. Ата-аналармен қарым-қатынас мәдениетін жетілдіру бағытында тәжірибе алмасу жұмыстары жүргізілсін.
3. Педагогтердің сөйлеу мәдениетін арттыру бойынша іс-шаралар ұйымдастырылсын.

Кеңес төрайымы:

А.Ақжигитова

Хатшы:

АЙША

А.Ақпанбетова

ПЕДАГОГ ДАУЫСЫ

Қаңтар айында «Педагог дауысы» атты ашық пікір алмасу алаңы өткізілді. Іс-шараға педагогикалық әдеп жөніндегі кеңес мүшелері, балабақша педагогтері және ардагер ұстаздар қатысты.

Кездесу барысында педагог мәртебесі, кәсіби әдеп, ұжымдық мәдениет және педагог беделі мәселелері талқыланды. Қатысушылар өз пікірлерімен бөлісіп, тәжірибелік ұсыныстар айтты. Педагогтердің құқықтары мен міндеттері жөнінде түсіндіру жұмыстары жүргізілді.

Кездесу соңында тәрбиеші А.Ақпанбетова «Ұстаз – ұлы тұлға» тақырыбында психологиялық тренинг өткізіп, қатысушылар белсенділік танытты.

Директор:

А.Ақжигитова

Хатшы:

АЙША

А.Ақпанбетова

«ПЕДАГОГ ДАУЫСЫ» АТТЫ АШЫҚ ПІКІР АЛМАСУ АЛАҢЫНЫҢ АНЫҚТАМАСЫ

Қаңтар 2026 жыл

2026 жылдың қаңтар айында «Айша» балабақшасында «Педагог дауысы» атты ашық пікір алмасу алаңы өткізілді. Іс-шараға педагогикалық әдеп жөніндегі кеңес мүшелері, балабақша педагогтері мен қызметкерлері қатысты.

Кездесудің мақсаты – педагог мәртебесін арттыру, педагогикалық әдеп қағидаларын сақтау мәселелерін талқылау, ұжымдық мәдениетті нығайту және педагогтердің кәсіби қызметіне қатысты өзекті мәселелер бойынша еркін пікір алмасу болды.

Іс-шараны педагогикалық әдеп жөніндегі кеңестің төрайымы У.Акжигитова ашып, Қазақстан Республикасының «Педагог мәртебесі туралы» Заңының негізгі бағыттарына тоқталды. Өз сөзінде педагогтердің құқықтары мен міндеттері, кәсіби қызмет барысында заңмен берілген кепілдіктер және педагог беделін көтерудегі әрбір қызметкердің жауапкершілігі туралы кеңінен түсіндірді.

Кездесу барысында педагогикалық әдеп қағидаларын сақтау, педагогтің сыртқы келбеті, сөйлеу мәдениеті, ата-аналармен және әріптестермен тиімді қарым-қатынас орнату мәселелері талқыланды. Педагогтер өз ойларын ортаға салып, күнделікті қызмет барысында кездесетін жағдайлар бойынша пікір алмасты.

Пікір алмасу барысында қатысушылар ұжымдағы өзара сыйластық, қолдау көрсету, кәсіби этиканы сақтау және жағымды психологиялық ахуал қалыптастырудың маңыздылығына ерекше тоқталды. Сонымен қатар жас мамандардың кәсіби бейімделуіне қолдау көрсету, тәжірибе алмасу жұмыстарын жандандыру жөнінде ұсыныстар айтылды.

Іс-шараның сұрақ-жауап бөлімінде педагогтер өздерін толғандырған сұрақтарын қойып, педагогикалық әдеп жөніндегі кеңес мүшелерінен тиісті жауаптар алды. Қатысушылар тарапынан педагог мәртебесін көтеруге бағытталған жұмыстарды жалғастыру туралы ұсыныстар білдірілді.

Кездесу соңында тәрбиеші А.Ақпанбетова «Ұстаз – ұлы тұлға» тақырыбында психологиялық тренинг ұйымдастырды. Тренинг барысында педагогтер кәсіби құндылықтар, ұжымдық қарым-қатынас және тұлғалық даму мәселелері бойынша түрлі тапсырмалар орындап, өзара тәжірибе алмасты.

Қорытындылай келе, «Педагог дауысы» атты ашық пікір алмасу алаңы педагогтердің кәсіби көзқарасын дамытуға, педагогикалық әдеп қағидаларын насихаттауға және ұжымдық мәдениетті нығайтуға ықпал етті.

У.АКЖИГИТОВА

А. Ақпанбетова



ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ӘДЕП ЖӨНІНДЕГІ КЕҢЕСТІҢ №3 ОТЫРЫСЫНЫҢ ХАТТАМАСЫ

19 наурыз 2026 жыл

Қатысқандар: 10 педагог

Қатыспағандар: жоқ

КҮН ТӘРТІБІНДЕ:

1. Педагогтардың құқықтары мен міндеттері.
2. Педагогтардың көпшілік ортадағы әдеп-этикалық нормалары.
3. Балабақшадағы педагогикалық әдепті қамтамасыз ету және сақтау.

ТЫҢДАЛДЫ:

Бірінші мәселе бойынша педагогикалық әдеп жөніндегі кеңестің төрайымы У.Акжигитова сөз сөйледі.

У.Акжигитова өз баяндамасында педагогтардың құқықтары мен міндеттері Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамаларымен қорғалатынын атап өтті. Педагог өзінің кәсіби қызметін жүзеге асыру барысында қауіпсіз және қолайлы еңбек жағдайымен қамтамасыз етілуге, біліктілігін арттыруға, шығармашылық және кәсіби әлеуетін дамытуға құқылы екендігін айтты.

Сонымен қатар педагогтердің білім беру үдерісін ұйымдастыруда өз тәжірибесіне сүйене отырып тиімді әдіс-тәсілдерді қолдануға, кәсіби пікірін еркін білдіруге және балабақшаны басқарудың алқалы органдарының жұмысына қатысуға мүмкіндігі бар екендігін түсіндірді.

Баяндамашы педагогтің құқықтарымен қатар жауапкершілігі де жоғары екенін атап өтті. Әрбір педагог тәрбиеленушілердің өмірі мен денсаулығын қорғауға, олардың құқықтары мен заңды мүдделерін сақтауға, білім беру қызметінің сапасын қамтамасыз етуге міндетті екенін айтты. Сонымен қатар педагогтердің кәсіби біліктілігін үздіксіз жетілдіруі, педагогикалық әдеп қағидаларын қатаң сақтауы және ата-аналармен өзара сыйластыққа негізделген қарым-қатынас орнатуы қажеттігіне тоқталды.

Сөз соңында төрайым педагогтердің өз құқықтарын білуі олардың кәсіби қызметін сапалы ұйымдастыруға және түрлі мәселелерді заң аясында шешуге мүмкіндік беретінін атап өтті.

Екінші мәселе бойынша кеңес мүшесі Г.Төребаева сөз сөйледі.

Г.Төребаева педагогтердің көпшілік ортадағы әдеп-этикалық нормалары туралы баяндама жасады. Ол педагогтің мінез-құлқы мен іс-әрекеті тек жұмыс орнында ғана емес, қоғамда да үлгі болуы қажеттігін атап өтті. Педагог қай ортада болмасын өзінің кәсіби мәртебесіне сай әрекет етіп, мәдениеттілік пен адамгершілік қасиеттерді сақтауы тиіс екендігін айтты.

Баяндамашы әлеуметтік желілерде ақпарат жариялау кезінде сақтық таныту, тәрбиеленушілер мен олардың ата-аналары туралы мәліметтерді жарияламау, қоғамдық орындарда дөрекі сөздер мен жағымсыз әрекеттерге жол бермеу қажеттігін түсіндірді.

Сонымен қатар педагогтің сөйлеу мәдениеті, адамдармен қарым-қатынас жасау әдебі, киім үлгісі мен жалпы жүріс-тұрысы оның кәсіби беделін қалыптастыратынын айтты. Балабақша қызметкерлері әрқашан балаларға өнеге бола отырып, қоғамда педагог мамандығының абыройын көтеруге үлес қосуы қажет екендігі ерекше атап өтілді.

Талқылау барысында педагогтер тарапынан көпшілік ортадағы мінез-құлық мәдениеті, әлеуметтік желілердегі жауапкершілік және ата-аналармен байланыс мәселелері бойынша пікірлер айтылып, ұсыныстар берілді.

Үшінші мәселе бойынша кеңес мүшесі А.Ақпанбетова сөз сөйледі.

А.Ақпанбетова балабақшада педагогикалық әдепті қамтамасыз ету және сақтау мәселесіне тоқталды. Ол педагогикалық әдеп ұжымдағы жағымды моральдық-психологиялық ахуалды қалыптастырудың маңызды факторы екенін атап өтті.

Баяндамашы педагогикалық әдептің негізі өзара құрмет, сенім, әділдік және жауапкершілік қағидаттарына сүйенетінін айтты. Педагогтер тәрбиеленушілерге, ата-аналарға және әріптестеріне құрметпен қарап, кез келген жағдайда сабырлылық пен ұстамдылық танытуы қажет екендігі түсіндірілді.

Сонымен қатар балабақша ұжымында педагогикалық әдептің сақталуы еңбек тәртібін нығайтуға, ұжымдық мәдениетті арттыруға және білім беру қызметінің сапасын жақсартуға ықпал ететіні айтылды. Педагогикалық әдеп талаптарын сақтау арқылы ұжымдағы өзара түсіністік пен ынтымақтастық нығая түсетініне назар аударылды.

А.Ақпанбетова педагогтердің кәсіби мәдениетін дамыту мақсатында тәжірибе алмасу кездесулерін, пікірталастар мен семинарларды тұрақты өткізіп отыруды ұсынды.

СӨЗ СӨЙЛЕДІ:

Әдіскер М.Нұрмағанбетова сөз сөйлеп, балабақшадағы жағымды психологиялық ахуалдың қалыптасуы педагогтердің өзара сыйластығына байланысты екенін айтты. Ұжымда бірлік пен түсіністік болған жағдайда жұмыс сапасы артып, балаларға берілетін тәрбие де нәтижелі болатынын атап өтті.

Кеңес төрайымы У.Акжигитова қаралған мәселелердің маңыздылығына тоқталып, педагогикалық әдеп талаптарын сақтау балабақша қызметінің сапасын арттыруға ықпал ететінін айтты. Барлық педагогтерді кәсіби мәдениетті сақтауға, заң талаптарын орындауға және өз қызметтеріне жауапкершілікпен қарауға шақырды.

1. Педагогтардың құқықтары мен міндеттері туралы ақпарат педагогтерге тұрақты түрде түсіндіріліп отырсын.
2. Педагогтердің көпшілік ортадағы әдеп-этикалық нормаларды сақтау деңгейі бақылауда ұсталсын.
3. Балабақшада педагогикалық әдеп қағидаларын сақтау және насихаттау бойынша жұмыстар жалғастырылсын.
4. Педагогтердің кәсіби мәдениетін дамыту мақсатында семинарлар, дөңгелек үстелдер және тәжірибе алмасу шаралары ұйымдастырылсын.
5. Осы хаттамада қабылданған шешімдердің орындалуы келесі кеңес отырысында қаралсын.

Хатшы: _____ А.Ақпанбетова



ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ӘДЕП ЖӨНІНДЕГІ КЕҢЕСТІҢ №4 ОТЫРЫСЫНЫҢ ХАТТАМАСЫ

22 мамыр 2026 жыл

Қатысқандар: 10 педагог

Қатыспағандар: жоқ

КҮН ТӘРТІБІНДЕ:

1. 2025–2026 оқу жылы бойынша педагогикалық әдеп жөніндегі кеңестің жұмысын қорытындылау.
2. Педагогтердің кәсіби әдебі мен қызметтік мәдениетін сақтау деңгейі.
3. 2026–2027 оқу жылына арналған ұсыныстар мен міндеттер.

ТЫҢДАЛДЫ:

Бірінші мәселе бойынша педагогикалық әдеп жөніндегі кеңестің төрайымы У.Акжигитова сөз сөйледі.

У.Акжигитова педагогикалық әдеп жөніндегі кеңестің 2025–2026 оқу жылында атқарған жұмыстарына тоқталды. Жыл басында бекітілген жоспарға сәйкес барлық іс-шаралардың уақытылы орындалғанын атап өтті. Кеңес отырыстарында педагогтердің кәсіби әдебі, сөйлеу мәдениеті, ата-аналармен қарым-қатынас жасау ерекшеліктері, әлеуметтік желілердегі этика нормалары және педагог мәртебесіне қатысты мәселелер қаралғанын айтты.

Сонымен қатар жыл бойы ұжым мүшелері арасында түсіндіру жұмыстары жүргізіліп, педагогикалық әдеп қағидаларын сақтау бойынша семинарлар, кеңестер және пікір алмасу кездесулері ұйымдастырылғанын жеткізді. Атқарылған жұмыстардың нәтижесінде ұжымда жағымды моральдық-психологиялық ахуал қалыптасып, педагогтердің кәсіби жауапкершілігі артқаны байқалғанын атап өтті.

Екінші мәселе бойынша кеңес мүшесі А.Ақпанбетова сөз сөйледі.

А.Ақпанбетова педагогтердің кәсіби әдебі мен қызметтік мәдениетін сақтау деңгейіне талдау жасады. Балабақша педагогтері тәрбиеленушілермен, ата-аналармен және әріптестерімен қарым-қатынас барысында педагогикалық әдеп қағидаларын басшылыққа алып жұмыс жүргізгенін айтты.

Педагогтердің жұмыс барысында балалардың құқықтарын құрметтеуі, әр баланың жеке ерекшеліктерін ескеруі және қауіпсіз орта қалыптастыруға жауапкершілікпен қарауы оң нәтиже бергенін жеткізді. Сонымен қатар

педагогтердің сөйлеу мәдениеті мен сыртқы келбетіне қойылатын талаптарды сақтау бағытында жүйелі жұмыстар жүргізілгенін атап өтті.

Баяндамашы ұжым ішінде өзара сыйластық пен қолдау көрсету мәдениеті қалыптасқанын, бұл өз кезегінде тәрбие мен оқыту жұмысының сапасына оң әсер еткенін айтты.

Үшінші мәселе бойынша кеңес мүшесі Г.Төребаева сөз сөйледі.

Г.Төребаева келесі оқу жылында педагогикалық әдеп қағидаларын одан әрі жетілдіру бойынша ұсыныстар енгізді. Атап айтқанда, жас мамандарға арналған тәлімгерлік жұмыстарды күшейту, педагогтердің құқықтық сауаттылығын арттыру, кәсіби қарым-қатынас мәдениеті бойынша тренингтер ұйымдастыру қажеттігін айтты.

Сонымен қатар әлеуметтік желілерді пайдалану мәдениеті, ата-аналармен тиімді байланыс орнату және педагогтің жағымды имиджін қалыптастыру бағытындағы жұмыстарды жалғастыру ұсынылды.

СӨЗ СӨЙЛЕДІ:

Тәрбиеші Г.Сапарова сөз алып, жыл бойы өткізілген әдеп кеңесі отырыстарының педагогтердің кәсіби мәдениетін арттыруда үлкен маңызға ие болғанын айтты. Әсіресе жас мамандар үшін ұйымдастырылған іс-шаралар мен тәжірибе алмасу жұмыстарының пайдалы болғанын атап өтті.

Тәрбиеші Ж.Тулепбергенова өз сөзінде балабақша ұжымында қалыптасқан өзара сыйластық пен қолайлы психологиялық ахуалдың жұмыстың нәтижелі болуына ықпал еткенін айтты. Алдағы уақытта да педагогикалық әдеп талаптарын қатаң сақтап, кәсіби мәдениетті дамыту бағытындағы жұмыстарды жалғастыру қажеттігін жеткізді.

ҚОРЫТЫНДЫ СӨЗ:

Кеңес төрайымы У.Акжигитова барлық педагогтерге оқу жылы бойы атқарған еңбектері үшін алғысын білдірді. Педагогикалық әдеп қағидаларын сақтау білім беру ұйымының беделін арттырып қана қоймай, тәрбиеленушілердің сапалы тәрбие мен білім алуына ықпал ететінін атап өтті.

КЕҢЕС ШЕШІМІ:

1. 2025–2026 оқу жылына арналған педагогикалық әдеп жөніндегі кеңестің жұмысы қанағаттанарлық деп танылсын.
2. Педагогтердің кәсіби әдебі мен қызметтік мәдениетін сақтау бойынша жүргізілген жұмыстар жалғастырылсын.

3. Жас мамандардың педагогикалық әдеп нормаларын меңгеруіне бағытталған тәлімгерлік жұмыстар күшейтілсін.
4. Педагогтердің құқықтық сауаттылығын және сөйлеу мәдениетін арттыру мақсатында 2026–2027 оқу жылына арналған іс-шаралар жоспары әзірленсін.
5. Педагогикалық әдеп қағидаларын сақтау мәселесі жаңа оқу жылында да тұрақты бақылауда ұсталсын.

Кеңес төрайымы:  У.Ақжигитова

Хатшы:  А.Ақпанбетова



«Айша» балабақшасы

Педагогикалық әдеп жөніндегі кеңестің

2025–2026 оқу жылындағы атқарылған жұмыстары туралы ЕСЕБІ

2025–2026 оқу жылында «Айша» балабақшасында педагогикалық әдеп жөніндегі кеңес өз жұмысын бекітілген жылдық жұмыс жоспарына сәйкес жүргізді. Педагогикалық әдеп жөніндегі кеңестің негізгі мақсаты – педагогтердің кәсіби мәдениетін жетілдіру, педагогикалық әдеп нормаларын сақтау, педагог мәртебесін арттыру, балалармен, ата-аналармен және әріптестермен өзара сыйластыққа негізделген қарым-қатынас қалыптастыру, ұжымдағы жағымды психологиялық ахуалды сақтау. Оқу жылы барысында педагогикалық әдеп жөніндегі кеңестің отырыстары, пікір алмасу алаңдары және түсіндіру жұмыстары ұйымдастырылып, педагогтердің кәсіби этикасы мен қызметтік мәдениетін жетілдіруге бағытталған жұмыстар жүргізілді.

Атқарылған жұмыстар:

1. Педагогикалық әдеп жөніндегі кеңестің №1 отырысы

2025 жылдың қыркүйек айында педагогикалық әдеп жөніндегі кеңестің алғашқы отырысы өткізілді. Отырыста 2025–2026 оқу жылына арналған педагогикалық әдеп жөніндегі кеңестің жұмыс жоспары қарастырылып, бекітілді. Педагогтердің кәсіби әдебі, сыртқы келбеті, сөйлеу мәдениеті, балалармен және ата-аналармен қарым-қатынас жасау мәдениеті туралы мәселелер талқыланды. Педагогтің кәсіби жауапкершілігі, қызметтік міндеттерді сапалы орындауы және балабақшадағы әдеп нормаларын сақтау қажеттілігі түсіндірілді. Педагогтердің әр іс-әрекеті балаларға үлгі болатыны, сондықтан әр қызметкер өзінің кәсіби бейнесін қалыптастыруға жауапты екендігі атап өтілді.

2. Педагогикалық әдеп жөніндегі кеңестің №2 отырысы

2025 жылдың қараша айында педагогикалық әдеп жөніндегі кеңестің екінші отырысы өткізілді. Кеңес барысында әлеуметтік желілерді пайдалану мәдениеті, жеке ақпараттарды жариялау кезіндегі жауапкершілік, педагог пен ата-ана арасындағы қарым-қатынас мәдениеті және педагогтің сөйлеу әдебі қарастырылды. Педагогтердің цифрлық ортада өзін дұрыс ұстауы, кәсіби имиджін сақтау, әлеуметтік желілердегі жарияланымдарға жауапкершілікпен қарауы қажеттілігі айтылды. Сонымен қатар ата-аналармен қарым-қатынаста өзара түсіністік, сыйластық және педагогикалық такт талаптарын сақтау мәселелері талқыланды.

3. «Педагог дауысы» атты ашық пікір алмасу алаңы

2026 жылдың қаңтар айында «Педагог дауысы» атты ашық пікір алмасу алаңы өткізілді. Іс-шара барысында педагог мәртебесі, әдеп қағидалары, ұжымдық мәдениет және кәсіби даму мәселелері талқыланды. Педагогтер өз тәжірибелерімен бөлісіп, білім беру үдерісіндегі қарым-қатынас мәдениеті, балаға қолдау көрсету, ата-аналармен тиімді байланыс орнату бағытында пікір алмасты. Кездесу барысында педагогтің кәсіби дамуы, шығармашылық ізденісі және заманауи талаптарға сай жұмыс жасауы туралы ұсыныстар айтылды.

4. Педагогикалық әдеп жөніндегі кеңестің №3 отырысы

2026 жылдың наурыз айында педагогтердің құқықтары мен міндеттері, көпшілік ортадағы педагогтің әдеп мәдениеті және балабақшадағы педагогикалық әдепті қамтамасыз ету мәселелері қарастырылды. Кеңес барысында педагогтердің кәсіби құқықтары мен міндеттері түсіндіріліп, қызмет барысында жауапкершілік таныту, заң талаптарын сақтау және кәсіби әдеп нормаларын ұстану қажеттілігі айтылды. Педагогтің қоғамдағы беделі, мәдени мінез-құлқы, сыртқы келбеті және сөйлеу мәдениеті оның кәсіби имиджін қалыптастыратыны атап өтілді. Балабақшада педагогикалық әдепті сақтау бойынша жүргізілетін жұмыстарды жетілдіру жолдары қарастырылды.

5. Педагогикалық әдеп жөніндегі кеңестің №4 қорытынды отырысы

2026 жылдың мамыр айында педагогикалық әдеп жөніндегі кеңестің 2025–2026 оқу жылындағы жұмысына қорытынды жасалды. Жыл бойы жүргізілген жұмыстар сараланып, педагогтердің кәсіби әдебі, қызметтік мәдениеті және ұжымдағы қарым-қатынас жағдайы талданды. Педагогтердің балалармен, ата-аналармен және әріптестерімен қарым-қатынаста әдеп нормаларын сақтағаны, кәсіби жауапкершілік танытқаны және педагог мәртебесін арттыру бағытында жұмыстар жүргізгені атап өтілді. Ұжымда өзара сыйластық, қолдау көрсету және жағымды психологиялық ахуалды қалыптастыру бағытындағы жұмыстардың нәтижелі болғаны айтылды.

Қорытынды:

2025–2026 оқу жылында педагогикалық әдеп жөніндегі кеңес өз жұмысын жоспарлы түрде жүзеге асырды. Кеңес отырыстарында педагогтердің кәсіби мәдениеті, педагогикалық әдеп нормалары, ата-аналармен қарым-қатынас, әлеуметтік желідегі жауапкершілік, педагогтің қоғамдағы беделі және ұжымдық мәдениет мәселелері қарастырылды. Жүргізілген жұмыстар педагогтердің кәсіби құзыреттілігін арттыруға, педагогикалық әдеп талаптарын сақтауға және балабақшадағы жағымды психологиялық ортаны қалыптастыруға ықпал етті.

Алдағы оқу жылында педагогтердің кәсіби дамуын жетілдіру, педагогикалық әдеп қағидаларын насихаттау, тәжірибе алмасу жұмыстарын жалғастыру және ұжымдық мәдениетті нығайту бағытындағы жұмыстар жалғасын табады.

Педагогикалық әдеп жөніндегі кеңес төрайымы: _____

Хатшы:

Күні: « _____ » 2026 жыл

